



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ӨРКЕНДЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Рухани жаңғыру – адамзаттың ішкі әлемінің жаңғыруы, сана сезімі жаңа өзгерістерді қабылдай алуы. Ең басты мәселе – сананы ояту, рухани жаңғыру.

Рухани жаңғырудың негізі халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Мемлекеттің дамуы ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты. Рухани жаңғырудың алты бағытын атап өтсек, бәсекелестік қабілет, прагма-

тизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

Бәсекелік қабілет – қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Келешекте ұлттың табысты болуы, оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетіне байланысты болады.

Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып,

соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа жол бермеу.

Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Яғни ұлттық салт-дәстүрлеріміз, әдебиетіміз, тіліміз, жоралғыларымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Білімнің салтанат құруы – табысты болудың басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Сананың ашықтығы – аумақтөкпе заманда қоғамның және әрбір тұлғаның өзгеріске дайын болуы.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы біздің өркендеуімізге жол ашады. Бұл жаңғыру идеологиясының қағидаты және әрбір Қазақстан азаматының ішкі сенімі.

**Г. МАРАСУЛОВА,
Г. ЖАНТУРЕЕВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
оқытушылары**